

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Ақмола облысының білім басқармасы

Көкшетау қаласы, (қазақ тілінде оқытылатын)

«Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі» МКҚК



«ТОМИРИС»

рухани-патриоттық қыздар клубының
ТҰҒЫРНАМАСЫ

Көкшетау, 2016 ж.

«Томирис» рухани-патриоттық қыздар клубының мақсаты:

Қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, жеке өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы қыздар тәрбиелеу және әрбір қыз баланы, ибалылық сақтауға баулу, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәрбие беру.



**Мақсаттық индикатордың негізінде «Томирис»
рухани-патриоттық қыздар клубы 7 бағыт бойынша
жұмыс жасайды.**



Мемлекеттік тіл мен ұлттық ділге деген құрметті тәрбиелеу

Қыздар арасында қоспа, жаргон, орыс-қазақ сөздерін араластырып сөйлеу кең етек алды. Сондықтан, сауатты әдеби тілдің үлгісін көрсететін, тілдік норманы қатаң сақтайтын қыз тәрбиелеу – «Томирис» клубының басты міндеттерінің бірі.



Мәдениет пен этикет нормаларын ұстану

«Томирис» қыздар рухани-патриоттық клубы мүшелері мәдени, этикалық тәрбиесін тұлғалық тұрғыдан қалыптастыруда қоғамдық өмірдің моральді, салттық құндылықтарын, нормаларын сақтау және дамыту жолында жинақталған білім, білігін дағдыға айналдыруы тиіс.

Қоғамның дамуы тұлғаны басқаруды емес, тұлғаны дамыту үрдісін басқаруды қажет етеді. Сондықтан қызға берілетін мәдени, этикалық тәрбие ерекше назарда болуы міндетті.



Мемлекетшілдік сана мен патриотизмді қалыптастыру

Қазақтың патриоттық-отансүйгіштік тәрбиесі – тереңнен тамыр тартқан, халқымыздың сан ғасырлық болмысының, дүниетану көзқарасының, ақыл-ойы мен салт-дәстүр мәдениетінің көрінісі.

Қыздарды ұлттық тәрбие негізінде жан-жақты жетілген «сегіз қырлы, бір сырлы», құзыреті жоғары маман етіп тәрбиелеу - «Томирис» клубының міндеті.



Салауатты өмір салтын ұстану

«Томирис» рухани-патриоттық қыздар клубы жұмысының бір бағыты – салауатты өмір салтын ұстану, яғни мемлекеттің келешегі дені сау ұрпақтың, денсаулығы жақсы аналардың қолында екенін түсіндіру. Салауатты өмір салтын ұстану үшін «Томирис» қыздары түрлі спорттық үйірмелерге қатысып, жаттықтыру залында спортпен шұғылданып, туған өлкенің табиғат аясында туристік сапарларға аттанады.



Рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру

«Томирис» рухани-патриоттық қыздар бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Рухани-адамгершілік білім беру – қыздардың бойына өмірдің мәні, сүйіспеншілік, бақыт, сыйластық, татулық, бірлік, төзімділік сынды құндылықтарды дарыту арқылы Қыздардың қоғамда өз орнын табуына, қабілет-дарынының ашыла түсуіне, ақыл - парасатын дамытуына яғни сәнді де мәнді өмір сүруіне қызмет етеді.



Алғашқы әскери дайындық, алғашқы медициналық көмек көрсету

«Томирис» рухани-патриоттық қыздар клубында «Алғашқы әскери дайындық» пәнін оқыту Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы, «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері және Қорғанысы туралы» және «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкестікте жүзеге асып отыр.



Ісмерлік дағдыларын дамытып, іскерлік стильді меңгеру

Қыз бала қашан да болсын сұлулық пен ұқыптылықты қатар алып жүруге тиіс. Ісмерлік өнер қыз бала бойындағы қабілеттің ең биігі деуге тұрарлық. Себебі, ісмерлік өнерді екiнiң бiрi меңгере алмаса анық. Ісмерлік өнерге қолөнер, іс тiгу, кесте тiгу, ою салу, оригами өнері т.б жатады. «Томирис клубы қыздар бойына дәл осы өнерлердi тоғыстыруды мақсат етедi. «Томирис» клубының қыздары ішкі жан дүниесінің сұлулығымен ғана емес, сыртқы әсемдiгiмен де ерекшеленіп тұруы қажет. Сол себептi, қыздарға сыртқы әлпеттi ажарландырудың, классикалық, іскерлік киім киюдiң үлгiлерi арнайы мамандар тарапынан үйретiледi.

